








Тараз қ. Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі

# ОҚУҒА ҰСЫНЫЛҒАН 7 КІТАП - РУХАНИ ҚАЗЫНА

*Виртуалды көрме*



Тараз - 2026









*Құрметті оқырмандар!*

*Кітап - адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған рухани қазынасы, білім мен танымның сарқылмас қайнар көзі. Ол ұлттың мәдениеті мен болмысын айқындап, адамның жан дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтетін асыл мұра. Кітап парағы - уақытпен тілдескен даналықтың ізі, ал әрбір сөзі – ұрпақтан ұрпаққа жеткен өмір сабағы. Қай заманда болмасын кітаптың қоғам өміріндегі орны ерекше.*

*Мемлекет басшысының 2026 жылғы 16 мамырдағы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына сәйкес елімізде кітап оқу мәдениетін дамытуға, ұлттық әдебиетті кеңінен насихаттауға және жас ұрпақтың рухани дүниесін байытуға бағытталған маңызды бастамалар жүзеге асырылуда. Бұл игі қадам – зерделі, ойлы ұлт қалыптастырудың берік негізі. (<https://www.akorda.kz/>*


*Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған жеті әдеби шығарма негізінде «Оқуға ұсынылған 7 кітап - рухани қазына» атты виртуалды көрме әзірленді. Бұл туындылар - адамгершілік пен ізгіліктің, өмірлік тәжірибе мен терең ойдың тоғысқан тұсы. Әр шығарма оқырманды толғанысқа жетелеп, жүрекке ой, санаға сәуле сыйлайтын рухани әлемге бастайды. Көрме барысында оқырмандар аталған кітаптардың мазмұнымен, көркемдік ерекшелігімен және тәрбиелік мәнімен танысып, әр туындыдан ұлттық рух пен адамдық құндылықтың терең тамырын сезіне алады. Бұл шығармалар - уақыт сынынан өткен рухани мұра, ой мен парасаттың биік өлшемі.*

*Қадірлі оқырмандар! Сіздерді сырлы сөз бен салиқалы ой тоғысқан «Оқуға ұсынылған 7 кітап - рухани қазына» атты виртуалды көрмені тамашалап, рухани әлемнің тереңіне бойлап, кітаптан шабыт пен тағылым табуға шақырамыз.*



*«Жүрегіңнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...»*

**Абай Құнанбайұлы**



**Абай Құнанбайұлы  
(1845-1904)**

*Абай Құнанбайұлы - қазақ халқының ұлы ақыны, азартушысы, философы, сазгері және қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Ол 1845 жылы қазіргі Абай облысы аумағындағы Шыңғыс өңірінде дүниеге келген. Жастайынан білімге құштар болып, шығыс әдебиеті мен мәдениетін, орыс және еуропа ойшылдарының еңбектерін терең меңгерді.*

*Абай өз шығармаларында халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық мәселелерді, адамгершілік пен білімнің маңызын жырлады. Ол қазақ елін ғылым мен өнерге, еңбек пен өркениетке үндеді. Ақынның өлеңдері мен поэмалары ұлттық әдебиетті жаңа биікке көтерсе, философиялық мазмұндағы «Қара сөздері» терең ойымен, тәрбиелік мәнімен құнды мұраға айналды. Абайдың бай шығармашылық мұрасы бүгінгі күні де ұрпаққа рухани бағыт-бағдар беріп, ел мәдениетінің асыл қазынасы ретінде бағаланып келеді.*





**821.512.122 Әуезов, М. Абай жолы [Мәтін] :  
Ә82 роман-эпопея. (4 кітаптан тұратын  
жиынтық) / Мұхтар Әуезов. - Астана:  
Фолиант, 2023. - 478 б.**

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» - қазақ халқының рухани өмірін, тарихын және дүниетанымын кең көлемде бейнелеген ұлы роман-эпопея. Шығармада Абай Құнанбайұлының өмір жолы арқылы XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, салт-дәстүрі, билік жүйесі мен рухани қайшылықтары терең суреттеледі.

Роман Абайдың балалық шағынан бастап, оның кемел ойшыл, ағартушы, халық тағдырына жауапкершілікпен қарайтын тұлғаға айналуына дейінгі жолын көрсетеді. Кейіпкердің ішкі рухани өсуі ел өміріндегі өзгерістермен тығыз байланыста беріледі. Абай білім мен әділетті, адамгершілік пен парасатты басты құндылық ретінде ұстанып, надандық пен әділетсіздікке қарсы тұрады.

Шығармада қазақ қоғамындағы ескі мен жаңаның күресі, билік пен халық арасындағы қатынас, отбасы, махаббат, өнер мен руханият мәселелері кең қамтылған. Әуезов әр кейіпкердің мінезін, тағдырын халық өмірінің бір бөлшегі ретінде шебер суреттеп, тұтас бір дәуірдің көркем шежіресін жасайды.

«Абай жолы» - жеке тұлғаның тағдыры арқылы ұлттың рухани дамуын көрсеткен шығарма. Бұл роман қазақ әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің де алтын қорына енген, оқырманды терең ойға жетелейтін мәңгілік туынды.



*«Мынау ұйытқымасы көп аласапыран дүниеде тек Үркердей тығыз тұрып қана аман қала аламыз... Ірі болудың да, тірі болудың да басты шарты – бір болу.»*

**Әбіш Кекілбаев**



**Әбіш Кекілбайұлы**  
(1939-2015)


*Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы. Ол 1939 жылы 6 желтоқсанда Маңғыстау өңіріндегі Оңды ауылында дүниеге келді. Саналы ғұмырын елдің рухани дамуы мен мемлекеттік қызметке арнаған **Әбіш Кекілбайұлы** Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің соңғы төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Парламент Сенатының депутаты сияқты жауапты қызметтер атқарды. Ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары атағына ие болды.*

***Әбіш Кекілбайұлы** - ұлттық әдебиетті жаңа белеске көтерген қаламгер. Оның шығармалары тарих пен тағдыр, адам болмысы мен ұлт рухы тақырыптарын терең философиялық тұрғыда бейнелеуімен ерекшеленеді. Жазушының «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» сияқты туындылары қазақ прозасының таңдаулы шығармалары саналады. Терең ойлы суреткердің мол мұрасы халқымыздың рухани қазынасын байытып, оқырманын елін сүйеге, тарихын құрметтеуге және адамгершілік құндылықтарды қадірлеуге үндейді.*

**84(5Қаз) Кекілбайұлы, Ә. Шығармаларының  
К28**

жиырма томдық толық жинағы [Мәтін].

1 т. Үркер : роман / Кекілбайұлы Ә. -  
Алматы: Жазушы, 2010. - 352 б.




Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпты терең философиялық оймен ұштастырып, ұлт тағдырын көркем бейнелей білген қаламгерлердің бірі – Әбіш Кекілбаев. Оның «Үркер» романы – халқымыздың тағдырлы кезеңдерін суреттеген, ел бірлігі мен мемлекеттілік мәселесін арқау еткен көлемді тарихи шығарма.

Шығарма оқырманды XVIII ғасырдағы аласапыран заманға жетелеп, ел тағдыры таразыға түскен шақтағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін көз алдына әкеледі. Жоңғар шапқыншылығы күшейіп, халықтың болашағына қауіп төнген тұста ел басқарған тұлғалардың шешімі мен жауапкершілігі шығарма өзегіне айналады.

Романдағы басты тұлғалардың бірі - Әбілқайыр хан. Жазушы оны тек билеуші ретінде ғана емес, заманының ауыр жүгін арқалаған күрделі тұлға ретінде бейнелейді. Оның әрбір шешімі мен толғанысы жеке басының мүддесінен гөрі халық тағдырымен астасып жатады. Кейіпкердің ішкі жан дүниесі, күмәні мен үміті, қайраты мен күйзелісі терең психологиялық шеберлікпен суреттелген.


Әбіш Кекілбаевтың суреткерлік шеберлігі романның әр бетінен айқын байқалады. Дала келбеті, табиғат көріністері, көшпелі өмірдің ерекшеліктері кең тыныспен бейнеленіп, оқырманды тарихи дәуірдің ортасына енгізеді. Автордың тілі бай, көркем әрі философиялық астарға толы. Әрбір сөйлемнен ұлттық рухтың лебі сезіліп, әрбір оқиғадан халық тағдырының салмағы аңғарылады. Шығармадағы тартыс тек сыртқы жаумен күрес төңірегінде ғана өрбімейді. Ел ішіндегі алауыздық, билік үшін талас, бірлік пен берекенің маңызы да терең қозғалады. Осы арқылы жазушы ұлттың тағдыры ең алдымен оның ынтымағы мен даналығына байланысты екенін көрсетеді. Романның атауы да символдық мәнге ие.

«Үркер» романы қазақ тарихы мен мәдениетіне қызығатын көпшілік оқырман қауымға арналған тарихи шығарма.



*Көрнекті жазушы Мұхтар Мағауин жиырма жыл бойы ерінбей-жалықпай материал жинап, екі жыл бойы үстел басында тапжылмай отырып, әйгілі «Аласапыран» романының екі томын жазып шығады*

**Әлібек Асқаров**



**Мағауин Мұхтар  
Мұқанұлы (1940-2025)**

*Қазақ әдебиеті мен ғылымының көрнекті өкілі, жазушы, тарихшы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның халық жазушысы. Ол 1940 жылы 2 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Баршатас ауылында дүниеге келген.*



*Мұхтар Мағауин қазақ халқының тарихын, рухани мұрасын терең зерттеп, ұлттық әдебиеттің дамуына зор үлес қосты. Оның шығармашылығы тарихи тақырыптарға, ұлттық болмыс пен ел тағдырына арналды. Жазушының «Аласапыран», «Шақан Шері», «Көк мұнар», «Жармақ» сияқты туындылары оқырман тарапынан жоғары бағаланып, қазақ прозасының алтын қорына енді.*

*1984 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын иеленіп, 1996 жылы Қазақстанның халық жазушысы атанды. Мұхтар Мағауиннің бай әдеби мұрасы мен ғылыми еңбектері қазақ руханиятының асыл қазынасы болып қала береді.*

**84(5Қаз) Мағауин, М.** Аласапыран [Мәтін] :  
**М12** тарихи роман. 1 кітап / Мұхтар Мағауин. -  
Алматы: Жазушы, 2009. - 496 б.


«Аласапыран» - Қазақстанның Халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің ең басты, орталық шығармасы. 1984 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болған атақты тарихи роман 1588-1610 жылдар аралығындағы Еуразия кеңістігінде орын алған қилы-қилы оқиғалар, қазақ халқының ұлттық санасы, мемлекеттік құрылымы, көрші жұрттармен ара қатынасы, сол замандағы белгілі тарихи тұлғалардың болмыс-бітімі турасында сыр толғайды. Роман-дилогияның бірінші кітабы Қазақ Ордасында басталып, Ібір-Сібір жұртында өрістеп, Ресей жері - Орыс патшалығына ойысады. Сөйтіп, бас кейіпкер Ораз-Мұхамед тағдыры арқылы тұтас бір тарихи дәуірдің суреті жасалады.

Екінші кітабы қым-қуыт оқиғаларға құрылып, Ресей тарихындағы алмағайып, қилы кезең шежіресін бейнелейді. Орыс патшалығында құрметті тұтқын ретінде біржола тұрақтап қалған қазақ сұлтаны Ораз-Мұхамед XVI-XVII ғасырлар шегінде Шығыс Еуропада болған елеулі тарихи оқиғалардың бел ортасында жүреді. 1600-1610 жылдарда Ресей құрамындағы, автономиялық өкілеті бар Қасым хандығында билік құрады, әділ әмірші, жауынгер қолбасы ретінде танылады, ақыры, бүкіл Россияны түнекке батырған Смута-Бұлғақ оқиғасында елеулі қызмет атқарады. Романда Ораз-Мұхамед тағдыры отарлық кепке түскен, азаттыққа ұмтылған тұтас бір ұлт тағдыры ретінде көрінеді.



*«Дулат - қаламгер. Дулат - жазушы. Тәңірі сыйлаған таланттың тірлікте не істеу керек екенін "жазушы" деген жалғыз ауыз сөз өзінен-өзі паш етіп тұр...»*

**Әбдіжәміл Нұрпейісов**



**Дулат Исабеков  
(1942-2025)**


*Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, талантты жазушы әрі драматург. Ол 1942 жылы 20 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Бала кезінен кітапқа құмар болып өскен болашақ қаламгер кейін Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алып, әдебиет әлеміне жол тартты.*

*Дулат Исабеков шығармаларында адам тағдыры, ұлттық құндылықтар, адамгершілік мәселелері мен қоғам өмірінің шынайы көріністері терең суреттеледі. Жазушы қарапайым адамдардың жан дүниесін әсерлі бейнелеп, оқырманды өмірдің мәні туралы ойлануға жетелейді. Оның туындылары көркем тілімен, шынайылығымен және психологиялық тереңдігімен ерекшеленеді.*

*Қаламгердің «Гауһартас», «Қарғын», «Сүйекші», «Тіршілік» секілді шығармалары қазақ прозасының көрнекті туындыларына айналды. Ал «Әпке», «Мұрагерлер», «Актриса», «Бонапарттың үйленуі» сияқты пьесалары қазақ драматургиясының дамуына зор үлес қосты. Бұл шығармалар көрермен мен оқырман тарапынан жоғары бағаланып, көптеген сахналарда қойылды.*

*Әдебиет пен мәдениет саласындағы елеулі еңбегі үшін Дулат Исабеков Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары атағына ие болды.*

**821.512.122 Исабеков, Д. Қарғын [Мәтін] : роман / И83**  
Дулат Исабеков. - Нұр-Сұлтан: Фолиант,  
2022. – 272 б.



«Қарғын» - қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейткен, оқырман жанын терең толғанысқа бөлейтін шоқтығы биік туындылардың бірі. Жазушы Дулат Исабековтің қаламынан туған бұл роман адам болмысының жұмбақ әлеміне бойлатып, махаббат пен парасаттың, сезім мен ақылдың, арман мен өмір шындығының арасындағы нәзік тартысты ерекше шеберлікпен бейнелейді.


Шығармадағы Жасын мен Бағиланың тағдыры - жай ғана ғашықтық хикаясы емес. Бұл - рухани жақындықтың, адами тазалықтың, жүрек пен сана үндестігінің көркем көрінісі. Автор кейіпкерлердің ішкі әлемін терең психологиялық талдаулар арқылы ашып, оқырманды олардың жан күйзелісі мен қуанышына, үміті мен күдігіне ортақтастырады. Өрбір беттен адамгершілік, адалдық, сенім, жауапкершілік секілді мәңгілік құндылықтар туралы ой өрбіп, оқырманды өз өміріне, өз таңдауларына жаңаша көзқараспен қарауға жетелейді.

«Қарғынды» қолға алған сәттен бастап шығарма әлемі өзіне еріксіз тартып әкетеді. Роман кейіпкерлерінің тағдырымен бірге толғанып, олардың жан дүниесіне үңілген сайын адам өмірінің мәні, шынайы махаббаттың құдіреті мен рухани биіктіктің бағасы жайлы сан алуан сауалдарға кезігесің. Дулат Исабековтің көркем тілі мен суреткерлік шеберлігі шығарманың әсерін күшейтіп, әр сөйлемді жүрекке жақын етеді.

Уақыт сынынан сүрінбей өткен бұл туынды бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әсіресе жастар үшін өмірдің мәнін, адамдық қасиеттің қадірін және шынайы сезімнің құнын ұғындыратын тағылымы мол шығарма. Егер сіз жан дүниенізді толқытып, терең ойға жетелейтін, оқып болған соң ұзақ уақыт әсерінен арыла алмайтын кітап іздесеңіз, «Қарғын» - міндетті түрде оқуға лайық роман.

*«Ең басты мақсат – ұлттық болмысты сақтап қалу.»*

**Смағұл Елубай**



**Смағұл Елубай**


*Қазақ әдебиеті мен киноөнерінде өзіндік қолтаңбасы бар көрнекті қаламгер. Ол 1947 жылы Түрікменстандағы Шаржоу өңірінде дүниеге келіп, балалық және жастық шағы өмір жолының алғашқы өрнектерін сол жақта қалыптастырды. 1961 жылы отбасымен бірге Қазақстанға қоныс аударып, Алматы қаласындағы 12 мектепте білім алды.*

*Жастайынан сөз өнеріне құштар болған Смағұл Елубай 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдап, қаламгерлік жолын журналистикамен ұштастырды. Кейін 1974-1975 жылдары Мәскеудегі сценаристер дайындайтын жоғары курсты бітіріп, кинодраматургия саласына да терең бойлады.*

*Жазушының шығармашылығы адам тағдыры, тарихи жады мен ұлттық рух тақырыптарымен астасып жатады. Ол көркем прозада да, сценарийлік еңбектерде де қазақ қоғамының рухани келбетін шынайы бейнелеуге ұмтылды. Уақыт сынынан өткен туындылары оқырманды ойға жетелеп, өмірдің күрделі болмысын сезіндіреді.*

*Бүгінде Смағұл Елубай - қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан қаламгер ретінде танылған. 2023 жылы оған «Қазақстанның халық жазушысы» атағы беріліп, еңбегі жоғары бағаланды.*

**821.512.122** Елубай, С. Ақ боз үй [Мәтін] / Смағұл  
**E49** Елубай. ; ["Мазмұндама" қоғамдық қоры]. -  
Алматы: Мазмұндама, 2021. - 248 б.




Қазақтың, көрнекті жазушысы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романы цензураның қылышынан қан тамып тұрған уақытта жазылған 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылық туралы туынды.

Автор осы аласапыран жайларды ерекше тебіреніспен сипаттап, хикая тілімен жеткізген. Қеңес кезіндегі ашаршылыққа ұшыраған халықтың хал-ахуалы, «асыра сілтеудің» елге әкелген зардабы, ел басқарып отырғандардың жағымсыз қылықтары, пасықтығы мен әділетсіздіктері оқырманды бей-жай қалдырмайды. Аштан бұралып қырылып жатқан бала-шаға, шал-кемпір, жазықсыз қиянат көрген ер азаматтың тартқан жан азабы көз алдыңызға келіп, құйқаңызды шымырлатады.

*«Адам армандай білуі керек, армандаса - соған қол жеткізеді. Мен жазушы болуды армандадым, жазушы болдым. Менің парталас досым Жеңіс ұшқыш болуды армандады, ол да ұшқыш болды. Адам армандай отырып, соның жолында күресе білуі керек. Бүкіл адамзат соған қарап тұрғандай, өз-өзіңді шексіз жауапкершілікте сезінгенде ғана ойлаған мақсатыңа жете аласың».*

## **Оралхан Бөкей**



**Оралхан Бөкей**  
(1943-1993)


*Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылында дүниеге келген көрнекті қазақ жазушы-драматург, журналист. Ол қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегі, айрықша көркемдік әлемі бар қаламгер ретінде қалыптасты.*

*Оралхан Бөкей шығармаларында туған жер табиғаты мен адам жанының нәзік иірімдері терең психологиялық талдаумен, сыршыл лиризммен астасып жатады. Жазушы кейіпкерлері көбіне рухани жалғыздық, ар-ождан, өмір мәні сияқты мәңгілік тақырыптармен бетпе-бет келіп, оқырманды ойға жетелейді.*

*«Мұзтау», «Қар қызы», «Атау кере», «Сайтан көпір» сияқты туындылары қазақ прозасына тың серпін әкеліп, көркемдік деңгейі мен философиялық тереңдігімен ерекшеленді. Оның шығармаларындағы тіл байлығы, табиғат суреттерінің поэтикалық дәлдігі және ішкі монологтың шебер берілуі жазушының дара қолтаңбасын айқын көрсетеді.*

*Оралхан Бөкей - ұлттық әдебиетте адам мен табиғат үндестігін жаңаша пайымдап, қазақ прозасының көркемдік көкжиегін кеңейткен ірі суреткер.*

**84(5Қаз) Бөкей, О. Таңдамалы шығармалары**  
**Б78 [Мәтін] / Оралхан Бөкей. - Алматы:**  
**ҚАЗАқпарат, 2013. - 1032 б.**



Қазақ әдебиетінде адам жанының терең иірімдерін, табиғат пен тағдыр үндестігін ерекше шеберлікпен суреттеген қаламгерлердің бірі - Оралхан Бөкей.

Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» әңгімесі – өткен өмірдің елесі мен кешіккен өкінішке құрылған, адам жанының терең иірімдерін ашатын психологиялық туынды. Шығармада орта жасқа келген жазушы жастық шағын еске алып, ең алғаш сезінген махаббаты мен сол махаббаттың салдарынан туған қасіретті қайта тірілтеді.

Шығарманың негізгі кейіпкерлері – Жеңісхан мен Бақыт. Жеңісхан жастық шағында арман құған, бірақ өз сезімінің салмағын толық түсіне алмаған жігіт ретінде көрінеді. Бақыт – оның алғашқы махаббаты, жүрегіне шексіз сеніммен қараған, адал әрі нәзік жан. Екеуінің хат арқылы басталған сезімі кейін үлкен махаббатқа ұласқанымен, Жеңісханның тұрақсыз көңілі олардың жолын екіге айырады.

Араға жылдар салып олар қайта кездескенде, Бақыт өткен күннің бар шындығын ашып айтады. Сол сәтте Жеңісхан өзінің ең үлкен қателігін – бір адамның ғана емес, бір тағдырдың үзілуіне себеп болғанын түсінеді. Оның жастықта айтқан бос уәдесі кейін орны толмас өкінішке айналғанын автор терең психологиялық иіріммен суреттейді.


Әңгіменің ең әсерлі тұсы – Жеңісханның өз баласының қабіріне баруы. Бір уыс топырақ арқылы жазушы жоғалған махаббат пен жоғалған өмірдің ауыр символын береді.

«Ұйқым келмейді» – жүректі шымырлататын мұңға толы әңгіме. Әңгіме оқырманға алғашқы махаббаттың адам жадында мәңгі сақталатынын, ал уақытында бағаланбаған сезімнің кейін өмір бойғы өкінішке айналуы мүмкін екенін терең сезіндіреді. Сондықтан бұл туындының соңындағы «Ұйқым келмейді» деген сөз бір адамның ғана емес, өткеніне қайта-қайта оралып, жоғалтқан бақытымен іштей тілдескен жанның жанайқайы болып естіледі.

Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» әңгімесі белгілі бір жас ерекшелігіне емес, адам жанының күйзелісі мен толғанысын түсіне алатын кең оқырман қауымға арналған.

*«Егер бұл күнде тәуелсіздік дәмін татып, ойымызға нұр, бойымызға шыр біте бастаса, ел тізгіні қолымызға тиіп, біріміз көсем, біріміз шешен атанып жүрсек, солардың бәрі қиын күндерде азаттық идеясын өшірмей, әр жүрекке шырағдан етіп жаққан қазақтың көркем сөзіне қарыздар»*

**Қабдеш Жұмаділов**



**Қабдеш Жұмаділов**  
(1936-2021)


**Қабдеш Жұмаділов** - қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, Қазақстанның халық жазушысы. Ол 1936 жылы 24 сәуірде Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, Тарбағатай аймағындағы Малдыбай ауылында дүниеге келген. Балалық шағы тарихи өзгерістер мен қиын кезеңдерге тұспа-тұс келіп, тағдыр тауқыметін ерте сезінсе де, сол өмірлік тәжірибе оның қаламгерлік әлеміне терең ой мен кең тыныс дарытты.

Кейін тарихи Отаны - Қазақстанға қоныс аударып, әдебиетке біржола бет бұрды. Оның шығармаларының негізгі арқауы - туған жерге сағыныш, тарихи тағдыр, ел бірлігі мен адам жанының күрделі иірімдері.

Жазушының ең белгілі туындыларының қатарында **«Соңғы көш»**, **«Тағдыр»**, **«Дарабоз»** романдары бар. «Соңғы көште» шекараның ар жағында қалған қазақтардың ауыр тағдыры суреттелсе, «Тағдырда» адам мен заман қақтығысы терең ашылады. Ал «Дарабоз» Абылай хан дәуірін арқау еткен кең тынысты тарихи роман ретінде ерекшеленеді. Сонымен қатар «Сәйгүліктер», «Қыл көпір» сияқты шығармалары да оқырманға кеңінен танымал.

**Қабдеш Жұмаділов** қазақ прозасында тарихи шындықты көркемдік биік деңгейде бейнелеген қаламгер ретінде бағаланады. Оның мұрасы - ұлт тарихы мен рухын көркем тілмен сөйлеткен құнды қазына.

**821.512.122 Жұмаділов, Қ.** Тағдыр [Мәтін] : тарихи  
**Ж87** роман / Қабдеш Жұмаділов. - Алматы:  
[баспасыз], 2026. - 592 б.



Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ұлт руханиятының шынайы жанашыры Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» тарихи романы - халқымыздың күрделі кезеңдегі өмірін, ел мен жер тағдырын терең бейнелеген шоқтығы биік туынды.

Романда ХІХ ғасырдың соңында Ресей мен Маншың Қытайы арасындағы шекараның белгіленуі салдарынан тұтас қазақ даласының екіге бөлініп, бір халықтың тағдырының қақ жарылған тарихи шындығы кеңінен суреттеледі. Ұлы державалардың саяси мүддесі мен отаршылдық әрекеттері қазақ жұртының өміріне қалай әсер еткені нанымды әрі әсерлі баяндалады.

Шығарманың басты кейіпкері - тарихта болған тұлға Демежан. Оның өмір жолы, әділдік пен ел мүддесі жолындағы күресі арқылы жазушы шекара сыртында қалған қазақтардың мұң-мұқтажын, арман-аңсарын, қайсар рухын көркемдік шеберлікпен өрнектейді. Кейіпкерлер тағдыры арқылы тұтас бір дәуірдің тынысы, халықтың қасіреті мен қайраты, ұлттық болмысы айқын көрініс табады.

«Тағдыр» - өткенді танып қана қоймай, ұлттың рухани тамырын терең сезінуге жетелейтін, тарихи жадымызды жаңғыртатын құнды шығарма. Бұл роман әрбір оқырманды туған елдің тарихына үңіліп, ата-баба аманатына құрметпен қарауға үндейді.

*Кітап - ұлттың рухани жады, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын асыл мұра. Адамның ой-өрісін кеңейтіп, таным көкжиегін биіктететін де - кітап. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған бұл шығармалар оқырманды терең ойға жетелеп, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге, адамгершілік пен білімнің қадірін түсінуге үндейді.*

*Бүгінгі таңда білім мен парасатты ту еткен, ойы сергек, санасы биік зерделі ұлт қалыптастыру - мемлекет дамуының басты негіздерінің бірі. Ал зерделі ұлттың бастауы - кітап оқитын қоғам. Кітаппен дос болған жанның рухани әлемі байып, дүниетанымы кеңейеді, болашаққа деген сенімі нығая түседі. Сондықтан кітап оқу - тек уақыт өткізу емес, кемел келешекке бастар жол. Әрбір оқылған кітап – білімге қарай жасалған қадам, әрбір жаңа шығарма – рухани дамуға ашылған жаңа есік.*

*«Кітап оқитын ұлт – ойлайтын ұлт,  
ойлайтын ұлт - өркениетке ұмтылатын ұлт.  
Зерделі ұлттың келешегі де жарқын болмақ.»*

*Құрметті оқырмандар, кітаппен бірге  
кемелдікке қадам басып, рухани әлеміңізді  
байытуға шақырамыз!*



# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

**ВИРТУАЛДЫ КӨРМЕ ТАРАЗ  
ҚАЛАСЫ ОККЖ АҚПАРАТТЫҚ -  
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІНДЕ  
ЖАСАЛДЫ.**



**okkzh\_taraz**



**Тараз Қалалық Кітапханасы**



**<http://libr.e-taraz.kz/kk>**